

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы**

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қаңтардағы № 2 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қаңтарда № 5518 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен оларға ақшалай сыйақының мөлшерлері айқындалсын.

2. Қоса беріліп отырған Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы бекітілсін.

3. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Досмаковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

А.Жоламанов

" К Е Л І С І Л Д І "

" Б а т ы с                                      Қ а з а қ с т а н                                      о б л ы с ы  
п о л и ц и я                                      д е п а р т а м е н т і  
Теректі                                      ауданының                                      полиция                                      бөлімі"  
мемлекеттік                                      мекемесінің                                      бастығы

\_\_\_\_\_  
Н . Д у й с е н г а л и е в

2018 жылғы "27" желтоқсан

Теректі ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 2 қаулысына қосымша

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен оларға ақшалай сыйақының мөлшерлері**

1. Құрмет грамотасы.

2. Алғыс хат.

3. 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын ақшалай сыйақы.

Теректі ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 2 қаулысымен бекітілді

## **Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы**

Осы Қағида қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің Теректі ауданының полиция бөлімі" (бұдан әрі – Теректі ауданының ПБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Теректі ауданының ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Ақшалай сыйақыны төлеу Теректі ауданының ПБ облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Құрмет грамотасын, Алғыс хатты, ақшалай сыйақы беруді Теректі ауданының ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.